

*Астана қаласы әкімдігінің «№112 жалпы орта білім  
беретін мектеп» КММ*

*Асхана тағамдарының сапасына тексеру жүргізу нәтижесі бойынша  
АНЫҚТАМА*

*Ақпан, 2026 ж.*

2026 жылдың ақпан айында мектепішілік бұйрыққа сәйкес құрылған мониторингтік топ мектеп асханасындағы тағам сапасына кезекті тексеру жүргізді. Тексеру барысында ас мәзірінің теңгерімділігі, тағамның дәмі мен қоректік құндылығы, санитарлық талаптардың сақталуы, аспазшылардың гигиеналық киімі мен жеке тазалығы, тағамдардың дайындалу технологиясы және сақтау шарттары қаралды.

Асхана жұмысы жақсы деңгейде ұйымдастырылғаны байқалады. Барлық тағамдар жаңа дайындалған, мәзірде бірінші және екінші тағам түрлері, сондай-ақ пайдалы сусындар бар. Асхана қызметкерлері балаларға жылы, тиянақты қызмет көрсетеді. Бракераж журналы уақтылы толтырылатыны байқалады.

Бақылау нәтижесі бойынша тағам сапасы мен порция көлемі санитарлық нормаларға толық сәйкес келеді. Балалардың жас ерекшеліктеріне сай қыс мезгіліне арнайы құрылып, Білім басқармасымен бекітілген мәзірдің орындалу деңгейі де назардан тыс қалған жоқ. Оқушылардың тамақтануына жағдай жасалған, асхана тазалығы үлгілі деңгейде. Асханаға тәртібі нақтыланған, асханаға кіру кестесі бекітіліп ілінген.

**Ұсыныс:** Ас мәзірінің бекітілген меню бойынша жасалуын, технологиясының сақталуын қадағалауда ұстау ұсынылады.

*Әлеуметтік педагог: Кулжабекова С. О  
87767061181*

